

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 10 маусымдағы № 136 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының м.а. 2010 жылғы 5 қазандағы № 288 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 18 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6578 болып енгізілді

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 16-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы № 1460 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі туралы ереженің 14-тармағының 2) тармақшасына және 19-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснаманы бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 10 маусымдағы № 136 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу реестрінде № 6334 тіркелген, 2010 жылы 11 тамызда № 326-327 (26170) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

Жоғарыда көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснаманың 1-қосымшасында:

Әр шаруашылық бойынша есепке алу кітабының (1-нысан) «Отбасы мүшелерінің тізімі» 1-бөлімі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Әр шаруашылық бойынша есепке алу кітабының 1-ден 20-ға дейінгі тармақтары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Құқықтық және ұйымдық қамтамасыз ету департаменті Тіркелімдер және сыныптама департаментімен бірге заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің жауапты хатшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Төрағаның м.а.

Ю. Шоқаманов

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі
А. Күрішбаев

2010 жылғы 6 қазан

Қазақстан

Республикасы

Статистика

агенттігі

төрағасының

м.а.

2010

жылғы

5

қазандағы

N

288

бұйрығына

1-қосымша

1. Үй шаруашылығы мүшелерінің тізімі

1	Үй шаруашылығы мүшесінің реттік нөмірі	01	02	03	04	05	
2	Тегі						
3	Аты						
4	Әкесінің аты						
5	ЖСН						
6	Бірінші жазылған үй шаруашылығы мүшесіне қатынасы	01					
7		бірінші жазылған адам – 1, әйелі/күйеуі - 2, қызы/ұлы - 3, анасы/әкесі - 4, апасы/қарындасы/ағасы (інісі) - 5, жұбайының (зайыбының) ата-анасы - 6, келіні/жеңгесі/абысыны/күйеу баласы - 7, әжесі/атасы - 8, немересі - 9, туыстықтың басқа дәрежесі, жекжаттық - 10, туыс емес - 11					
8	Реттік нөмірі	анасы немесе әкесінің					
		Жұбайының (зайыбының)					
9	Жынысы (ер - 1, әйел - 2)						
10	Ұлты (1-кестені қараңыз)						
11	Оқиға датасы кк.аа.жжжж.	туу					
12		өлу					
13		неке жағдайы	бірінші неке				
14			тұл/жесір				
15			ажырасқан				
16			соңғы неке				
17		келу					
18		кету					
		2011 ж.					
		2012 ж.					

19	Білімі	2013 ж.						
		2014 ж.						
		2015 ж.						
		мектепке дейінгі - 1, бастауыш - 2, негізгі орта - 3, жалпы орта - 4, бастауыш кәсіптік - 5, орта арнаулы - 6, аяқталмаған жоғары - 7, жоғары - 8, жоғары оқу орнынан кейінгі - 9						
20	Білім беру ұйымында оқытындар	2011 ж.						
		2012 ж.						
		2013 ж.						
		2014 ж.						
		2015 ж.						
		мектепке дейінгі - 1, жалпы білім беретін мектеп - 2, техникалық және кәсіптік - 3, ЖОО - 4, жоғары оқу орнынан кейін - 5, біліктілікті арттыру курстары – 6						
21	Жұмыспен қамтылу жағдайы	2011 ж.						
		2012 ж.						
		2013 ж.						
		2014 ж.						
		2015 ж.						
		жалдамалы қызметкер -1, жұмыс беруші – 2, жеке негізде жұмыс істеуші -3, жеке қосалқы шаруашылықпен (жеке ауласымен) айналысушы - 4, өндірістік кооператив мүшесі - 5, отбасылық кәсіпорынның ақы төленбейтін жұмыскері – 6, жұмыссыз – 7						
22	Күнкөрістің негізгі қаражат көзі	2011 ж.						
		2012 ж.						
		2013 ж.						
		2014 ж.						
		2015 ж.						
		жалдамалы жұмыстан табыс - 1, өз бетінше жұмыс істеуден табыс (жеке қосалқы шаруашылықтағы жұмыстан басқа) - 2, жеке қосалқы шаруашылықтағы жұмыс - 3, стипендия - 4, зейнетақы - 5, жәрдемақы - 6, туысқан немесе жақындардан көмек - 7, жеке меншіктен табыс, дивидент, сыйақылар - 8, асыраудағы – 9, өзге - 10						

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

С т а т и с т и к а

а г е н т т і г і

т ө р а ғ а с ы н ы ң

м . а .

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

5

қ а з а н д а ғ ы

№

2 8 8

б ұ й р ы ғ ы н а

2-қосымша

Әр шаруашылықты есепке алу кітабында жазбаларды жүргізу

1. № 1 нысан - әр шаруашылық бойынша есепке алу кітабы келесі бөлімдерден тұрады: 1. «Үй шаруашылығы мүшелерінің тізімі», 2. «1 қаңтардағы тұрғын үй жағдайлары», 3. «1 қаңтардағы жеке меншікке жататын ауылдық (селолық), кенттік округтың шегінде және оның шегінен тыс жалға берілген (алынған) жерлер», 4. «

Шаруашылықтың жеке меншігі болып табылатын мал (басы)», 5. «1 қаңтардағы ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге арналған ауыл шаруашылығы техникалары мен жабдықтарының бары туралы мәліметтер», 6. «1 қаңтардағы ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға және малдарды ұстауға арналған құрылыстар, басқа да құрылыстар», 7. «1 қаңтардағы сауда нүктелерінің нақты бары», 8. «1 қаңтардағы сатып алынатын кооперативтік бірлестіктердің, сатып алынатын орталықтардың нақты бары», 9. «Қ о с ы м ш а м ә л і м е т т е р » .

2. Дербес шоттың басты бөлігінде мыналар жазылады:

1) дербес шот ашылған шаруашылық мүшесінің тегі, аты және әкесінің аты;

2) дербес шот нөмірі;

3) жер кадастры кітабы бойынша нөмірі;

4) арнайы торкөздермен қоршалған үйдің сәйкестендірме коды.

3. 1-бөлім «Үй шаруашылығы мүшелерінің тізімі» 1 қаңтардағы жағдай бойынша толтырылады және құрамында отбасы мүшелері 5-тен аспайтын шаруашылыққа есептелген. Егер үй шаруашылығы көп адам санынан тұратын болса немесе әр шаруашылық бойынша кітапты пайдалану мерзімінде өскен болса, онда барлық мүшелерді жазу үшін қосымша бет жабыстыру керек.

4. Бірінші болып әрбір нақты жағдайда отбасының кәмелетке толған мүшелері олардың жалпы келісімі бойынша анықтайтын үй шаруашылығының иесі жазылады және дербес шотта ол адам бірінші жазылады. Одан соң үй шаруашылығының қалған барлық мүшелері, тұрақты және уақытша жоқ мүшелері жазылады.

5. «Үй шаруашылығы мүшесінің реттік нөмірі» 1 жолда үй шаруашылығы мүшесінің реттік нөмірі көрсетілсін.

6. «Тегі, аты, әкесінің аты» 2-4 жолдарда үй шаруашылығының барлық мүшелерінің тегі, аты және әкесінің аты толық, бұрмалаусыз және қысқартусыз, үй шаруашылығының әрбір мүшесіне арналған бағандарда, барлық үш жолды пайдаланып ж а з ы л а д ы .

7. «Жеке сәйкестендірме нөмірі» (ЖСН) 5-жолда үй шаруашылығының әр мүшесінің ЖСН-і қойылады. ЖСН – қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын жеке тұлға, соның ішінде жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылған, бірегей н ө м і р .

8. «Бірінші жазылған үй шаруашылығы мүшесіне қатынасы» 6-жолда бірінші жазылған шаруашылық мүшесі тегінің астына «бірінші жазылған тұлға» 1 коды қойылады, ал қалған үй шаруашылығы мүшелеріне осы жолда келтірілгендердің біреуіне с ә й к е с к о д қ о й ы л а д ы .

9. «Анасы немесе әкесінің нөмірін көрсету» және «Жұбайының (зайыбының) нөмірін көрсету» 7-8 жолдардағы деректер үй шаруашылығында отбасылық ұяшықтарды анықтау үшін қажет. 7 жолда үй шаруашылығының әрбір мүшесіне (ж а с ы н а ж әне неке жағдайына қарамастан) бір үй шаруашылығында ата-анасының

екеуімен немесе екеуінің біреуімен тұрып жатса, «Бірінші жазылған үй шаруашылығы мүшесіне қатынасы» 3-бағанда үй шаруашылығының шегінде ата-анасының бірі жазылған реттік нөмір қойылады. Егер үй шаруашылығы құрамында әкесі не анасы болмаған жағдайда нөмір қойылмайды. 8 жолда 15 және жоғары жастағы үй шаруашылығының әрбір мүшесіне «Бірінші жазылған үй шаруашылығы мүшесіне қатынасы» 3-бағанда үй шаруашылығының шегінде жұбайының (зайыбының) бірі жазылған реттік нөмір қойылады. Егер үй шаруашылығында ерлі-зайыптылар жұбы болмаған жағдайда нөмір қойылмайды.

10. «Жынысы» 9-жолда осы жолда келтірілгендердің біреуіне сәйкес келетін код қойылады.

11. «Ұлты» 10 жолда код 1-кестеге сәйкес қойылады. Балалардың ұлтын ата-анасы немесе оларды ауыстыратын тұлағалар анықтайды.

1-кесте

Ұлттар сыныптамасы							
1	2	1	2	1	2	1	2
000	Барлығы	043	Қарақалпақтар	084	Нивхтер	156	Ауғандар
001	Орыстар	044	Карелдер	085	Ульта (Ороктар)	157	Белуджилер
002	Украиндар	045	Комилер	086	Орочтар	158	Болгарлар
003	Белорустар	046	Марийлер	087	Саамдар	159	Венгрлер
004	Өзбектер	047	Мордвалар	088	Селькуптер	160	Вьетнамдар
005	Қазақтар	048	Осетиндер	089	Тофалар	161	Голландтар
006	Грузиндер	049	Татарлар	090	Удэгейлер	162	Гректер
007	Әзірбайжандар	050	Тувалар	091	Ульчалар	163	Дүңгендер
008	Литвандар	051	Удмурттар	092	Чувандар	164	Үндістан мен Пәкістан халықтары
009	Молдавандар	052	Шешендер	093	Эвендер		
010	Латыштар	053	Чуваштар	094	Эндер	165	Испандар
011	Қырғыздар	054	Саха(Якуттер)	095	Эскимостар	166	Итальяндар
012	Тәжіктер	055	Адыгейлер	096	Юкагирлер	167	Қытайлар
013	Армяндар	056	Алтайлықтар	100	Абазиндер	168	Кәрістер
014	Түркімендер	057	Еврейлер	101	Вепсілер	169	Кубиндер
015	Эстондар	058	Қарашайлар	102	Гагауздар	170	Күрттер
016	Абхаздар	059	Хакастар	103	Тау еврейлері	171	Немістер
017	Балкарлар	060	Черкестер	104	Грузин еврейлері	172	Парсылар
018	Башқұрттар	061	Коми-пермяктар	105	Орта Азия еврейлері	173	Поляктар
019	Буряттар	062	Ливтер	106	Ижорлар	174	Румындар
021	Аварлар	063	Талыштар	107	Караимдар	175	Сербтер
022	Агулер	071	Долгандар	108	Қырымшақтар	176	Словактар
023	Даргиндер	072	Коряктар	109	Қырым татарлары	177	Түріктер
024	Құмықтар	073	Мансылар	110	Таттар	178	Ұйғырлар
025	Лактар	074	Ненцтер	112	Удиндер	179	Финдер

026	Лезгиндер	075	Хантылар	113	Сығандар	180	Француздар
027	Ноғайлар	076	Чукчалар	114	Шорлар	181	Халха-Моңғолдар
028	Рутулдар	077	Эвенкілер	150	Австриялықтар	182	Хорваттар
029	Табасарандар	078	Алеуттер	151	Албандар	183	Чехтар
030	Цахурлар	079	Ительмендер	152	Америкалықтар	184	Жапондар
040	Ингуштер	080	Кеттер	153	Ағылшындар	185	Датчандықтар
041	Кабардиндер	081	Нанайлар	154	Арабтар	186	Моңғолдар
042	Қалмақтар	082	Нганасандар	155	Ассирийлер	190	Ұлтын көрсетпегендер
		083	Негидалдықтар			199	Басқа ұлттар

12. «Оқиға датасы кк.аа.жжж.» 11-18 жолдарда тиісті құжат (төлқұжат, жеке куәлік, туу, өлу, неке қию және ажырасу туралы куәлік және акт) негізінде әрбір үй шаруашылығы мүшесіне арналған бағандарда барлық жолдар бойынша күні, айы, ж ы л ы т о л ы қ ж а з ы л а д ы .

13. «Білімі» 19-жолда үй шаруашылығының барлық мүшелеріне осы жолда келтірілгендердің біреуіне сәйкес келетін код қойылады. Кодты қою кезінде 2-кестеде келтірілген деректерді пайдалану қажет.

2-кесте

Код	Білім деңгейі	Білім ұйымдарын бітірді немесе оқиды
1	мектепке дейінгі	Мектепте оқытуға мектепалды дайындықты бітірді
2	бастауыш	Бастауыш жалпы білім беру мектебін бітірді
	-"-	1972 жылы және одан кейін үш жылдық бастауыш жалпы білім беретін мектептің 3 сыныбын бітірді
	-"-	Кез келген жылы 4-6 сыныптарды бітірді
	-"-	1962 жылы және одан кейін 7 сыныпты бітірді
	-"-	1990 жылы және одан кейін 8 сыныпты бітірді
	-"-	5-9 сыныптарды оқиды
	-"-	1972/73-1988/89 оқу жылдарында 4 сыныптан кеткен
	-"-	Кез келген жылы 5-7 сыныптан кеткен
	-"-	1962/63 оқу жылдары және одан кейін 8 сыныптан кеткен
-"-	1989/90 оқу жылдары және одан кейін 9 сыныптан кеткен	
3	негізгі орта	1961 ж. және одан бұрын толық емес орта мектепті (жеті жылдық) немесе 7 сыныпты бітірді
	-"-	1963-1989 жж. сегіз жылдық мектепті немесе 8 сыныпты бітірді
	-"-	1990-1992 жж. тоғыз жылдық мектепті немесе 9 жылдық сыныпты бітірді
	-"-	1993 ж. және одан кейін негізгі жалпы білім беретін мектепті бітірді
	-"-	Он бір жылдық немесе он екі жылдық орта мектептің 10 сыныбын бітірді
	-"-	Он екі жылдық орта мектептің 11 сыныбын бітірді
	-"-	10-11 (12) сыныпта оқиды
	-"-	Бастауыш кәсіптік білім мекемесінде оқиды, жалпы орта білімі бар тұлғалардан басқа
	-"-	1961/62 оқу жылдары және одан бұрын 8 сыныптан кеткендер
-"-	1988/89 оқу жылдары және одан бұрын 9 сыныптан кеткендер	

	-"	10-11(12) сыныптан кеткендер
	-"	Бастауыш кәсіптік білім мекемесінен кеткендер, жалпы орта білімі бар тұлғалардан басқа
4	жалпы орта	Жалпы білім беретін мектептің, лицейдің, гимназия, дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептердің және басқа 10-11 сыныптарын аяқтаған
5	бастауыш кәсіптік	Бастауыш кәсіптік білім беретін мектепті бітірген, (кәсіптік училище, кәсіптік лицей-үзіліссіз білім беру орталығы, техникалық мектеп (тау-механикалық, теңіз жолы, орман-техникалық және т.б.) жұмысшы мамандығын алған тұлғаларға, сонымен қатар, кәсіптік–техникалық училищені (ПТУ немесе техникалық училищені) бітірген. Бұдан басқа кәсіптік–техникалық оқу орнын бітіріп, мамандығымен қатар орта білімі туралы куәлік және орта білім деңгейінде мамандық алған тұлғаларға «Жалпы орта» белгісі қойылады, ал басқа тұлғаларға осы оқу орнына түскенге дейінгі алған білім деңгейі қойылады
	-"	Жалпы орта білім бермейтін оқу орнындарын (мысалы, қолөнерлік, салалық кәсіптік училище (СКУ), фабрика-зауыттық оқыту мектебі (ФЗОМ), фабрика-зауыттық шәкірттік мектебі (ФЗШМ), оқу-курстық комбинаты, оқыту-өндірістік орталығы, қайта дайындау және біліктілігін арттыру курстары, оқу орындарындағы дайындық курстары) аяқтаған, осы оқу орнына түскенге дейінгі алған білімі белгіленеді
6	орта арнаулы	мәдениет және өнер саласындағы техникум, училище, колледж бітірген
7	аяқталмаған жоғары	ЖОО-да оқиды және оқу мерзімінің жартысын немесе жартысынан көбін өткен
	-"	ЖОО-да бір және одан көп жыл оқыған, аяқталмаған жоғары білімі туралы анықтамасы бар
		ЖОО-да оқу мерзімінің жартысынан аз уақытын оқығандар, ЖОО-ға түскенге дейін алған білім деңгейі қойылады, яғни «орта арнаулы», «бастауыш кәсіптік» немесе «жалпы орта»
8	жоғары	ЖОО аяқтаған: академия, университет, институт және оған теңестірілген (консерватория, жоғары мектеп, жоғары әскери училище)
9	Бастауыш білімі жоқ	Бастапқы жалпы білім беретін мектептерді бітірмеген
	-"	1, 2 сыныптарды бітірді
	-"	1972 ж. және одан бұрын үш жылдық бастауыш жалпы білім беретін мектептің 3 сыныбын бітірді
	-"	1-4 сыныптарда оқып жүр
	-"	Кез келген жылы 1-3 сыныптардан кеткен
	-"	1971/72 оқу жылдары және одан бұрын, 1989/90 оқу жылдары және одан кейін 4 сыныптан кеткен
	-"	Мектепте оқымаған, бірақ оқи, жаза біледі
10	сауатсыз	Оқып, жаза алмайды

14. «Білім беру ұйымдарында оқитындар» 20-жолда үй шаруашылығының барлық мүшелеріне осы жолда келтірілгендердің біреуіне сәйкес келетін код қойылады. Кодты қою кезінде 3-кестеде келтірілген деректерді пайдалану қажет. Аулаларды жаппай аралап шығу кезінде деректер әр жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша толтырылады.

3-кесте

--	--	--

Код	Білім беру ұйымдары	Білім беру ұйымдарында оқитындар
1	мектепке дейінгі	Мектепке дейінгі ұйымдарға баратын балалар: меншік нысанына қарамастан бөбекханаға, бөбекхана-бақшаға, балабақшаға
	-"	Мектепке дейінгі ұйымға уақытша бармай жүрген балалар, мысалы, науқастану себебімен
2	жалпы білім беретін мектеп	Бастауыш, негізгі, орта жалпы білім беретін мектептерде (оның ішінде жекелеген пәндерді тереңдетіп оқыту), лицейлерде, гимназияларда оқитындар
3	техникалық және кәсіптік	Кәсіптік лицейде, мәдениет және өнер саласындағы училищеде, негізгі орта немесе жалпы орта білім беретін колледжде оқитындар
4	ЖОО	ЖОО студенттері: академия, университет, институт және оған теңестірілген (консерватория, жоғары мектеп, жоғары әскери училище)
5	ЖОО-дан кейінгі	ЖОО-да тереңдетілген бағдарлама бойынша оқуды аспирантура, магистратура және докторантурада жалғастырушы
6	біліктілікті көтеру курстары	Жалпы білім бермейтін мектеп пен курстарда оқитындар (курстық оқу комбинаты (бөлім), қайта дайындау және біліктілік арттыру курстары, оқу орындарындағы дайындық курстары, сонымен қатар кәсіптік білім беретін курстар)

15. «Жұмыспен қамтылу жағдайы» 21-жолда үй шаруашылығының барлық мүшелеріне осы жолда келтірілгендердің біреуіне сәйкес келетін код қойылады. Кодты қою кезінде 4-кестеде келтірілген деректерді пайдалану қажет.

4-кесте

Код	Жұмыспен қамтылу жағдайы	Анықтама
1	жалдамалы қызметкер	Еңбек шарты, келісімшарт негізінде, ауызша келісім бойынша жұмыс істейтіндер
2	жұмыс беруші	Өзінің жеке меншік кәсіпорнын басқаратын немесе өз бетінше кәсіби, коммерциялық әрекетпен айналысатын және бір немесе бірнеше жұмысшы жалдап жұмыс істейтін адамдар
3	жеке негізде жұмыс істеуші	жеке меншік негізде жұмыс істейтіндер
4	Жеке қосалқы шаруашылығымен (жеке ауласымен) айналысушы	Тек жеке өз шаруашылығында ауыл шаруашылығы және (немесе) мал бағу жұмыстарымен айналысатын тұлғалар
		Жеке шаруашылығы болмаған жағдайда тұлғаларға бұл код қойылмайды
5	өндірістік кооператив мүшесі	Өндірісті ұйымдастыру, өнім өткізу, инвестициялау және кәсіпорын мен кооператив мүшелері арасында кірген кірісті бөлу мәселелерін шешу барысында ұжымның әрбір мүшесінің тең құқығы бар, жеке меншік кәсіпорында (кооперативте) жұмыс істейтіндер, тауар өндірушілер және қызмет көрсететіндер
6	отбасылық кәсіпорынның ақы төленбейтін жұмыскері	шаруа (фермерлік) қожалығында, өндірістік кооперативте, туыстарының қарамағындағы жеке меншік кәсіпорындарда (жеке, отбасылық) ақысыз жұмыс істейтін адамдар
7	жұмыссыз	Жұмысы немесе табыс көзі жоқ адамдар

16. «Күнкөрістің қаражат көзі» 22-жолда үй шаруашылығының барлық мүшелеріне осы жолда келтірілгендердің біреуіне сәйкес келетін код қойылады. Кодты қою кезінде 5-кестеде келтірілген деректерді пайдалану қажет.

5-кесте

Код	Күнкөрістің қаражат көзі	Анықтама
1	жалдамалы жұмыстан табыс	Ақыны (сыйды) жалақы, сыйақы, үстеме немесе заттай түрде төлеу қарастырылған, жалдау келісім шарты бойынша жұмыс істейтіндер
2	өз бетінше жұмыс істеуден табыс (жеке қосалқы шаруашылықтан басқа)	Ақша немесе заттай түрде табыс немесе отбасылық кіріс алу үшін өзінің еңбек қызметін өз кәсіпорнының меншік құқығында жүзеге асыратындар
	"-"	Жеке меншік кәсіпорны бар, бірақ қандайда бір себеппен жұмыс істемейтін адамдар
3	жеке қосалқы шаруашылықтағы жұмыс	Сату мақсатында өзінің қосалқы шаруашылығында (бау-бақшаны қоса), ауыл шаруашылығы және (немесе) мал бағу жұмыстарымен айналысатын тұлғалар
	"-"	Өз шаруашылығында өзінің тұтынуы үшін өнім өндіретін адамдар тек үй шаруашылығының жалпы тұтынуында маңызды үлесті қамтамасыз ететін қызмет болған жағдайда ғана белгіленеді
4	стипендия	Кәсіпорындар мен ұйымдарда оқуға төленетін стипендияны қоса, стипендия алатын оқушылар мен студенттер
5	зейнетақы	Қарттығы (жасы) бойынша зейнетақы алатын адамдар
6	Жәрдемақы	Ай сайын әлеуметтік жәрдемақы алатын адамдар: мүгедектігі, асыраушысынан айырылған жағдай, жасы бойынша, балаларға. Сонымен қатар код жәрдемақы алған адамға емес, тағайындалған адамға қойылады
7	туысқан немесе жақындардан көмек	Туысқандары немесе басқа адамдардың қаражатына күн көретін, сондай-ақ алимент төленетін адамдар. Сонымен қатар код оны алатындарға емес, материалдық көмек көрсетілетіндерге қойылады
8	жеке меншіктен табыс, дивиденттер, сыйлықақылар	Несие беретін, олардың ақшалай салымдарын пайдаланғаны үшін пайыздық төлем, кредит, қарыз түрінде табыс алатын салымшы, кредитор болып табылатын адамдар
	"-"	Акцияға ие (акционер) болып табылатын, акционерлік қоғамнан дивидент төлемі түрінде табыс, акцияны өткізуден курстық айырмашылық алатын адамдар
	"-"	Жинақтан, пәтерді, автокөлікті, гаражды жалға беруден төлем түрінде табыс алатын адамдар
9	өзгесі	Жоғарыда аталмаған күнкөріс көздері